

**Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының  
«Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін  
жедел жәрдем станциясы» КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша  
аналитикалық анықтама**

**2021 жылғы 30 сәуір.**

**Кіріспе бөлімі:**

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес, сондай-ақ, «Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің 2021 жылғы 09 наурыздағы № 89 бұйрығын орындау үшін Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін 2021 жылғы 12 наурызда № 88 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыру туралы» бұйрық шығарды.

Осы бұйрықпен «ҚОМККЖЖС» КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау кәсіпорынның заңгер кеңесшісі М. А. Ережеповке жүктелді, сондай-ақ 2021 жылғы 01 мамырға дейінгі мерзімде 01.01.2020 ж. бастап 31.12.2020 ж. аралығындағы кезеңде кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды дайындау және жүргізуді жүзеге асыру айқындалып, ол үшін талдау жүргізуге «ҚОМККЖЖС» КМК дәрігері Г. А. Хохлов, кәсіпорынның кәсіподақ комитетінің төрағасы Л.К. Күнтуарова, «Қостанай қалалық ауруханасы» КМК бас дәрігері Д. С. Джандаев тартылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің міндеті Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметін зерттеу және бағалау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды талдау болып табылады.

## **Сипаттамалық бөлім:**

### **1. Персоналдарды басқару.**

Штат кестесі 2019 жылмен салыстырғанда «Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 03 шілдедегі №450 бұйрықтың негізінде кіші медициналық персоналдың (санитарлардың) мөлшерлемелерін қысқарту есебінен 9 мөлшерлемеге азайды. Жеке тұлғалардың саны 8% -ға өсті (+ 49 адам), 628 адам, 2019 жылы 579, оның ішінде: 16 фельдшер, 50 - жүргізуші. 01.01.2021 ж. жағдай бойынша тек дәрігерлік кадрлардың тапшылығы бар. Дәрігерлердің жетіспеушілігі шұғыл медициналық қызметте жұмыс істеу ерекшеліктеріне де, «жедел жәрдем» бағдарламасы бойынша резидентурадан міндетті түрде өту талаптарына да байланысты. Ағымдағы жылы 2019 жылмен салыстырғанда орта медициналық персонал 32% - ға артты.

Персоналды іріктеу Enbek.kz электрондық еңбек биржасы және бос лауазымдарға ұсынылған әлеуетті үміткерлердің түйіндемелері арқылы жүзеге асырылады.

Талдау жасалып отырған кезеңде барлығы 175 қызметкермен еңбек шарттары жасалды, бұл қызметкерлердің жалпы санының 30,1% - ын құрайды, сонымен қатар бұзылған еңбек шарттарының саны 127 немесе 21,8% - ды құрайды. Осы кезеңде тәртіптік жазаға тартылғандардың жалпы саны 55 қызметкерді құрайды, бұл ретте 26 қызметкерден көтермелеу түріндегі тәртіптік жазалар мерзімінен бұрын алынып тасталды немесе 47,2%.

Персоналды басқару бойынша шығарылған барлық актілер (еңбек шарттарын жасасу және бұзу, көтермелеу және тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы, демалыс кестелері) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілерін қамтымайды.

### **2. Мемлекеттік қызметтер көрсету**

«Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК негізгі мемлекеттік қызметі ТМККК шеңберінде емдеу-алдын алу мекемелерінен тыс, сондай-ақ апаттар мен дүлей зілзалалар кезінде сырқаттанған және зардап шеккен адамдарға тәулік бойы уақтылы және сапалы медициналық көмек көрсету, медициналық авиация қызметтерін көрсету болып табылады. Бұдан басқа, станция қоғамдық (спорттық, мәдени-бұқаралық) іс-шараларда кезекшілік ету және науқастарды/зардап шеккендерді жоспарлы диагностикалық тексерулерге тасымалдау не оларды ақылы қызметтердің бекітілген Прейскурантына сәйкес ЕПМ-нен шыққаннан кейін шарттық негізде үйге тасымалдау бойынша қызметтер көрсетеді.

«Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК құрамына 1 дербес станция 23 жедел жәрдем бөлімшесі/қосалқы станциясы кіреді, оның ішінде 6 қалалық, 17 ауылдық, 1 санитариялық авиация бөлімшесі. Қызмет көрсетілетін халық саны 870 301 адам. Қызмет көрсету радиусы өзгерген жоқ - 14,8 км. 23 бөлімше (100%)



«Көмек» ақпараттық жүйесімен жабдықталған. Санитарлық автокөліктің 100% (139 бірлік) GPS – навигация жүйесімен жабдықталған.

Санитариялық автокөлікті радиоландыру – 65%, көшпелі бригадалармен жедел байланыс ұялы байланыспен, оның ішінде «КӨМЕК» МАЖ пайдаланумен жүзеге асырылады. Дәрігерлік персоналдың санаттылығы 55,6%, 2019 жылы 75,0% (18 – дің 10 – ы) жас кадрлар есебінен, оның ішінде жоғары санат: 9-50,0%, бірінші: 1-5,0%, екінші: 0. Орта медициналық персоналдың санаттылығы 40,6% - дан 44,3% - ға дейін өсті (287-ден 127). Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді BLS, ACLS, PALS, PHTLS, «Акушерлік қызметтегі кезек күттірмейтін жағдайлар», «Клиника, диагностика, Коронавирустық инфекцияны емдеу» халықаралық стандарттары бойынша 100% оқыту жүргізілді, облыстық Call-орталықтың 25 қызметкері (100%) «қоңырауды ұстап тұру» операциялық рәсімінің стандартына оқытылды. Қайта оқыту 2021 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған. 248 жүргізушінің 129-ы (52,0%) «Қауіпсіз жүргізу. Қиын жағдайларда қауіпсіз жүргізу» циклында оқытылды. Жүргізуші персоналының толық оқымау себебі - әлемдегі эпидемиологиялық жағдай COVID-19 пандемиясымен байланысты, 2020 жылы жүргізушілерді қашықтықтан оқыту мүмкін болмады. 100% оқу 2021 жылдың ақпан айында әр бөлімге жаттықтырушының келуімен өткізілетін болады. Жедел жәрдем бригадаларының және МСАК жанындағы ЖМК бөлімшелерінің орташа тәуліктік саны 16% - ға, 69 бригадadan тәулігіне 80 бригадаға дейін ұлғайды. Облыс тұрғындарының жедел жәрдем бригадаларымен камтамасыз етілуі 80% - дан 92% - ға дейін өсті. Бригадалардың бейінділігі: 92% - фельдшерлік бригадалар, 8% - дәрігерлік бригадалар. 53 бригада қала тұрғындарына, 27 бригада ауыл тұрғындарына қызмет көрсетеді. Санитариялық автокөліктің саны 139 бірлік (оның ішінде санитариялық авиация бөлімшесінің 2 бірлігі), оның ішінде «жүріп тұрғаны» 135 бірлік (97,1%), олардың барлығы «Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК балансында тұр. Реанимобильдер-56 бірлік (40,3%). 2020 жылдың қазан-қараша айларында «БРК – Лизинг» АҚ – мен жасалған шартқа сәйкес 50 бірлік санитарлық автокөлік сатып алынды, оның ішінде: фельдшерлік бригадалар үшін – А класты 5 автомобиль; желілік бригадалар үшін – В класты 26 автомобиль; реанимобиль-С класты 19 автомобиль. Алынған 50 жаңа санитарлық автокөліктің 20-сы облыстық жедел жәрдем станциясының ауылдық бөлімшелеріне берілді. Санитарлық автокөліктің тозуы 2020 жылдың соңында-18,64%, есептен шығаруға жататын 24 бірлік (17,0%), медициналық жабдықтармен жаракталуы (қала, ауыл) - 100%. Барлық қолда бар жабдықтар жұмыс істейтін жағдайда. Метрологиялық бақылау үнемі жүргізіледі. Облыста медициналық аппаратураға сервистік қызмет көрсетудің бірыңғай қызметі жоқ. Жөндеу және сервистік қызмет көрсету не жеткізушілердің шарттық міндеттемелері шеңберінде жүргізіледі, не мемлекеттік сатып алу шеңберінде талап етілетін жөндеу бойынша қызмет сатып алынады.



Жедел жәрдемге жүгінулердің жалпы саны 7,0% - ға азайды: 367335-тен 344991-ге дейін, оның ішінде жедел жәрдем бригадалары қызмет көрсеткен шақыртулар 8,0% - ға азайды (- 27038 шақырту). Сонымен қатар, жеделдік бойынша 4 санаттағы шақыртулар санының МСАК жанындағы ЖМК бригадалары қызмет көрсеткен 42% - ға өсуі байқалады, бұл COVID - тің бірінші толқынында жүгінулер санының өсуімен, сондай-ақ ХНЗ пациенттерін, бірінші кезекте артериялық гипотониясы бар пациенттерді динамикалық бақылаудың жеткіліксіздігімен байланысты. 1 көшпелі бригаданың орташа тәуліктік жүктемесі 32,2% - ға төмендеді: 2020 жылы тәулігіне 14,9-дан 10,1 шақыруға дейін. Көшпелі бригадалардың орташа тәуліктік санының ұлғаюын, ЖМК бригадалары орындаған шақырулар санының азаюын ескере отырып, жеделдіктің 1-3 санатындағы шақыруларға қызмет көрсетудің жеделділік көрсеткіштерін 82% - ға жақсартуға мүмкіндік туды.

2020 жылы станцияға және ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментіне жұмыстың сапасы мен жеделдігіне 11 шағым келіп түсті, оның ішінде ішінара негізделген біреуі: емдеуге жатқызуды кешіктіруге әкеп соққан пациенттің жай-күйінің ауырлығын жете бағаламау. Іс жалпы медициналық конференцияда қаралды, қызметкерге тәртіптік жаза қолданылды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шығарылған барлық актілер Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 225 «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес келеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілерін қамтымайды.

### **3. Мемлекеттік сатып алуды өткізу**

Кәсіпорын ҚР негізгі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары»;

2) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы №1729 «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы.

2020 жылдың қаңтар айынан бастап 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін «Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК мемлекеттік сатып алу порталы бойынша 476 келісім-шарт жасалды.



«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 42-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен сатып алу кезінде жеткізушіні таңдаудың негіздемесі әлеуетті жеткізушілердің ең төмен баға ұсынысы болып табылады. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 4-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады.

Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық бұйымдарды сатып алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы қаулысымен бекітілген 2009 жылғы 30 қазандағы №1729 «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына» сәйкес сатып алынады және ұйымның сайтында орналастырылады,

«Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында Ресми сайтта мемлекеттік сатып алу жоспарлары орналастырылған.

Мемлекеттік сатып алу жоспарлары, әрбір конкурстық құжаттама және мемлекеттік сатып алу порталында орналастырылатын құжаттама бойынша кез келген өзгерістер бас дәрігердің бұйрығымен бекітіледі.

Жеткізушілер шарттық міндеттемелерді уақтылы орындамаған кезде жеткізушілердің қатынастарында айыппұл санкциялары қолданылады: мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% - ы (нөл бүтін оннан бір), шарт жасасудан бас тартқан кезде өтінімді қамтамасыз ету сомасы ұсталады, шарт тиісінше орындалмаған кезде өтінімді қамтамасыз ету сомасы және шартты орындаудың кепілдік сомасы ұсталады.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу бойынша шығарылған барлық актілер (мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы, комиссия құру туралы, құжаттаманы өзгерту туралы) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының талаптарына сәйкес келеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілерін қамтымайды.

#### **Қорытындылар мен ұсыныстар:**

«Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Халыққа қызмет көрсетуді жақсарту және бұзушылықтардың алдын алу мақсатында апта сайын бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг, «Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау тұрғысынан халыққа телефон арқылы сауалнама жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылықтардың одан әрі алдын алу мақсатында:

- қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін орындау бөлігіндегі жауапкершілігін арттыру. Заңнаманы бұзуға жол бермеу жөнінде шаралар әзірлеу, оның ішінде тұрақты негізде оқыту семинарларын өткізу, қызметкерлерді біліктілікті арттыру курстарына уақтылы жіберу;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық стендтер мен тақтайшаларды ресімдеу, орнату және орналастыру;

- кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау үшін «Қостанай облыстық медициналық кезек күттірмейтін жедел жәрдем станциясы» КМК қызметкерлеріне жасырын сауалнама жүргізу;

- мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты қызметкерлердің қызметін талдау және бақылау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алу саласындағы заңнамалық актілердің талаптарын қатаң сақтау.

Таныстым:

\_\_\_\_\_ М. Ережепов  
\_\_\_\_\_ Г. Хохлов  
\_\_\_\_\_ Л. Кунтуарова  
\_\_\_\_\_ Д. Джандаев  
\_\_\_\_\_ бас дәрігер  
И. Штейгервальд.